

2015 жылға Жаңақорған ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 06 ақпандағы N 781 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 25 ақпанда N 4883 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес Жаңақорған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға Жаңақорған ауданының аумағында тұратын, нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін

2. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Айтбембетке жүктелсін.

3. Қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған
ауданының әкімі

С.Тауипбаев

Жаңақорған ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "06" ақпандағы
№ 781 қаулысына қосымша

2015 жылға Жаңақорған ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі

1. 50 жастан асқан жұмыссыз тұлғалар.
2. Отбасында бірде-бір жұмыс істемейтін тұлғалар.
3. Бір жылдан ұзақ уақыт жұмыс істемейтін тұлғалар.
4. Техникалық және кәсіби білім беру орындарының түлектері.